

Коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген коммуналдық мүліктің тізбесін бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 501-2316 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңы 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген коммуналдық мүліктің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. "Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне бес жұмыс күн ішінде жолдауды;

2) осы қаулыны Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау "Астана қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің

2026 жылғы "7" шілдедегі

№ 501-2316 қаулысына қосымша

Коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Саны	Техникалық сипаттамалары
1	2	3	4
1.	Кәбілдік кәріз	-	Кәбілдік кәріз, Астана қаласы, Ж. Нәжімеденов көшесі, Тәуелсіздік даңғылынан Қ. Қуанышбаев көшесіне дейін орналасқан, құдықтар саны – 13 дана, арналар саны –

			әрқайсысы 747 м болатын 12 дана, арналардың жалпы ұзындығы – 8 964 м
2.	Кәбілдік кәріз	-	Кәбілдік кәріз, Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, Р. Қошқарбаев даңғылынан Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін орналасқан, құдықтар саны – 25 дана, арналар саны – әрқайсысы 1 233 м болатын 8 дана, арналардың жалпы ұзындығы – 9 864 м
3.	Кәбілдік кәріз	-	Кәбілдік кәріз, Астана қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы, К. Күмісбеков көшесінен Сарыарқа даңғылына дейін орналасқан, құдықтар саны – 8 дана, арналар саны – әрқайсысы 359 м болатын 20 дана, арналардың жалпы ұзындығы – 7 180 м
1	2	3	4
4.	Кәбілдік кәріз	-	"Сарыбұлақ өзенінің арнасын тазарту және абаттандыру (1-кезек, Есіл өзенінен Тілендиев даңғылына дейін)" нысанына арналған кәбілдік кәріз, Астана қаласы, Ш. Қосшығұлұлы көшесінен Н. Тілендиев даңғылына дейін орналасқан, құдықтар саны – 11 дана, арналар саны – әрқайсысы 626 м болатын 2 дана, арналардың жалпы ұзындығы – 1 252 м
5.	Кәбілдік кәріз	-	Мәңгілік Ел даңғылы (бұрынғы Н. Гастелло көшесі) бойындағы кәбілдік кәріз, Астана қаласы, Сығанақ көшесінен Ұлы Дала даңғылына дейін орналасқан, құдықтар

			саны – 33 дана, арналар саны – әрқайсысы 2 488 м болатын 12 дана, арналардың жалпы ұзындығы – 29 856 м
6.	Кәбілдік кәріз	-	Алматы көшесі (коллектор) бойындағы кәбілдік кәріз, Қабанбай батыр даңғылынан Сауран көшесіне дейін орналасқан, құдықтар саны – 12 дана, арналар саны – 1 дана (936 м), арналардың жалпы ұзындығы – 936 м
7.	Кәбілдік кәріз	-	Кәбілдік кәріз, Астана қаласы, Депутаттық қалашықта, Манас көшесінің шығыс жағында, 1-кезек, құдықтар саны – 121 дана, арналар саны – әрқайсысы 5 206 м болатын 2 дана, арналардың жалпы ұзындығы – 10 412 м
8.	Кәбілдік кәріз	-	Кәбілдік кәріз, Астана қаласы, Депутаттық қалашық, Манас көшесінің шығыс жағында, 2-кезек, құдықтар саны – 244 дана, арналар саны – әрқайсысы 9 187,87 м болатын 2 дана, арналардың жалпы ұзындығы – 18 375,74 м